



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ү.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

Актуальны слова С.Я. Маршака: «Литературе так же нужны талантливые читатели, как и талантливые писатели. Именно на этих талантливых, чутких, обладающих творческим воображением читателей и рассчитывает автор, когда напрягает все свои душевные силы в поисках верного образа, верного поворота действия, верного слова».

Список литературы:

1. Галактионова Е.Г., Казакова Е.И. Учим успешному чтению. Рекомендации учителю: пособие для учителей общеобразовательных учреждений.-Москва.: Просвещение, 2011.
2. Добротина И.Г. Формирование стратегии смыслового чтения на уроках русского языка.-Москва.: ШБ, 2006.

ӘОЖ 378

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Темирханова Кымбат Шашубаевна
kimbat.sh@mail.ru

Қара Әсел Бейсенбайқызы,
магистр, аға оқытушылар

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты
Арқалық қ., Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада Мектеп жасына дейінгі балалардың рухани тәрбиелеудің мәні мен маңызы сараланады. Сонымен қатар мәдениет, рухани мәдениет ұғымдарына түсінік беріледі және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың ролі жайлы қарастырылады.

Түйінді сөздер: *тәрбие, халықтық педагогика, мәдениеттілік тәрбиесі, рухани тәрбие, әлеуметтік орта, мектеп жасына дейінгі тәрбие*

Аннотация

В статье проанализированы значение и сущность духовной культуры детей дошкольного возраста. А также рассматриваются понятия культура, духовной культуры и характеризуется роль народной педагогики в воспитание детей дошкольного возраста.

Ключевые слова: *воспитание, народная педагогика, культурное воспитание, духовная культура, дошкольное воспитание, социальная среда.*

Abstract

A value and essence of spiritual culture of children of preschool age are analysed in the article. And also examined concepts culture, spiritual culture and the role of folk pedagogics is characterized in education of children of preschool age.

Key words: *education, folk pedagogics, cultural education, spiritual culture, preschool education, social environment.*

Рухани мәдениет дегеніміз халықтың ұлттық тілі, ұлттық мінез-құлқы, ерекше адамгершілік қасиеттері, ұлағатты тәлім тәрбиелік мәні бар даналық өсиеттері, мақал-мәтелдері, әдеби және музыкалық шығармалары, салт-дәстүрлері, діні, ұлттық ойындары, мерекелері және т.б. Яғни, рухани мәдениет адамдық қасиеттің өлшемі, оның жақсылыққа талпынуы, өзге адамға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылығы, өмір сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін-өзі танып, сол арқылы дүниені, әлемді тануы [1, б.172]. Мектеп жасына дейінгі балалардың рухани мәдениетін тәрбиелеу мәселесіне көңіл бөлуіміздің себебі, бала этномәдениеттік даму кезеңінде рухани байлығымызды осы кезеңде бойларына сіңіріп өсулері қажет. Мектепке дейінгі кезең, адамгершілік мөлшерлер мен ұлттық құндылықтарымызды меңгерудің қарқынды даму кезеңі екендігін кейінгі зерттеулер дәлелдеп отыр.

Мектеп жасына дейінгі балалардың рухани мәдениетін тәрбиелеу мәселесіне көңіл бөлуіміздің себебі, бала этномәдениеттік даму кезеңінде рухани байлығымызды осы кезеңде бойларына сіңіріп өсулері қажет. Мектепке дейінгі кезең, адамгершілік мөлшерлер мен ұлттық құндылықтарымызды меңгерудің қарқынды даму кезеңі екендігін кейінгі зерттеулер дәлелдеп отыр. Баланың рухани дүниеге көтерілуі – дегеніміз баланың дүниеге келген күнінен бастап, оның дүние тануын, ақыл-

ойымен жүрекпен тануын, ең нәзік, ең шынайы, ұғыну, қабылдау, сезіну деп түсіну қажет. Мәселен, балада алғашқы күннен бастап-ақ адамға деген шынай сүйіспеншілік сезімі болатынын М.Жұмабаев өз еңбегінде былай суреттеп берген: «Ананы сүю» сезімі оянады. Анасын сүю, анаға жауыздық тілемей, ізгілік тілеу деген сөз. Бірақ, ес білген соң туысқандық сезімі, яғни араласып айналасында жүрген адамдарды сүю сезімі оянады. Ол елін сүю сезімі жер жүзіндегі барлық азаматты сүю сезіміне алып барады. Бұл сөздерден ізгілік деген сөздерден дұрыс хәм толық мағынасы мынау екен: әр адамның өзін сүюі, яғни яғни жауыздықтан безіп, ізгілікке ұмтылуы, туысқандарын сүю, яғни оларға жауыздық тілемей ізгілік тілеу, өз елін сүюі, пайда келтіріп, зиян келтірмеу, хәм басқаларға да зиян келтірткізбеу, ең негізінде – біткен адамзатты дос хәм бауыр көру екен. Міне, кімде-кім өзін сүйсе, өз елін сүйсе, әсіресе біткен адам баласын бауырым деп білсе, сол адамды ізгі деп атаймын» [2, б.196].

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін еске алу арқылы нақтыланады. Рухани мәдениетке, адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендерің қолынан келетін жұмысты ұйымдастыру үрдісінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани мәдениетінің дамуы балалар бақшасы мен жанұя арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Балалардың рухани мәдениетінің дамуының тамаша нәтижелерін көбіне ата-аналары «Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасын» білетін, тәрбиешілердің ақыл-кеңестерін таңғылықты тыңдайтын жанұялардан байқауға болады, ол тәрбиешілер жанұя тәрбиесінің жақсы тәжірибесін, жанұя өмірі жағдайларын зерттеу біледі.

Ұрпағымыз өнерлі, еңбексүйгіш, үлгілі, абзал азамат болуын қалаған қазақ халқы бұғанасы енді қата бастаған қыз баланы төсек-орнын жинау, ыдыс-аяқ жуу, үй сыпыру, ою, өрнек тігу, кесте, өрмек тоқу; ұл баласын мал бағып, күтуге, шөп шабуға, түрлі бұйымдар жасауға, зергерлікке үйреткен. Ән айтқызып, қобыз бен домбырада күй тартқызуға, өлең-жыр жаттатуға, жаңылтпаш айтқызып, жұмбақ жасыруға, қонақ күтуге, түрлі ұлттық ойындарға баулыған. Адамға дұрыс талап қойылмаса, тапсырылған іс уақытында қадағаланбаса, біртіндеп берекесіздік пайда болады.

Сондықтан баланы кішкентай кезінен бастап, шамасы келетін талаптар қойып, міндеттер жүктеп, олардың орындалуын бақылап отыру, оларды жауапкершілікке, өз борышын дұрыс түсіне білуге машықтандыру қажет. Мектеп жасына дейінгі балалар, өздерінің жас ерекшеліктеріне қатысты айтылатын этноәлеуметтік ролдердің маңызын, мәнін түсінуі керек. Мысалы: «ұл бала», «қыз бала», «немере», «жиен», «аға», «іні», «қарындас». Сонымен қатар олар «ата», «әже», «әке», «шеше», «апа», «жезде» т.б. сөздердің оларға қандай қатысы бар екендігін білулері қажет. Осыған орай қарым-қатынастың қандай нормалары мен тәртібі барын ұғып, оны сақтауы тиіс[3, б.96].

Этноәлеуметтік ролдердің түп негізін кішірек кезінен түсіну, олардың айналасындағы адамдар мен қарым-қатынасын дұрыс құруға көмегін тигізеді, туыстық, жақындық туралы сезімдері қалыптасып, олардың алдындағы парызы, жауапкершілігі артады. Осыған байланысты қазақ халқының «жеті атасын білмеген жетесіз»деп ата тегін тарихын білмейтін ұрпақ болса, кінәлайды, айыптайды. Жас ұрпақты тәрбиелеудегі қазақ дастархан дәстүрлерінің тәрбиелік мүмкіндіктерінің мол екендігіне көз жеткіземіз. Балаларды дастархан дәстүрі арқылы тәрбиелеу: Ата-баба дәстүрлерін қадірлеуге, ата-анасын туыстарын сыйлауға үйретеді; ізеттілік, әдептілігін қалыптастырады; мейірімділікке, қонақжайлылыққа, өзгелерге жақсылық ойлауға баулиды. Дастархан басындағы тәлімдік үлгілер өсиет өнеге, бата, ұрпақтың мұрагерлік міндетін жалғастыруына мүмкіндік береді.

Халқымыздың ұлттық психологиясындағы өзгеше ұқсамас өзіндік бір ерекшелігі кең пейіл дархандығы. Ашық қолды, жомарт, тамағының дәмдісін, көңілінің дәндісін, қонаққа сақтайды. Кеңпейіл, дархандылық мінез көбіне рақымшылдыққа әкеліп саяды. Жатты туыс, бауыр тұтып, жатырқамай көкірегінен итермей бауырына тартып төрінен орын беріп, төбесіне көтереді. «Өле жегенше-бөлеже»-деп тапқанын қызғанышсыз ортаға салып, адамдықтың ала жібін қасиет тұтады. Ақкөңіл бала мінездес, өзгеге де өзіндей сенеді. Кеңпейілділіктен, ақкөңілділік, адалдық, рақымшылдық, бауырмалдық, сыйластық туылып, батырлық ұштасып жатады[4, б.105].

Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі.

Рухани тәрбие берудің тағы бір негізі мектеп жасына дейінгі балаларды сыпайылыққа тәрбиелеу. Бүлдіршіндерді балабақшаға келгеннен бастап өзін сыпайы ұстауға үйрету, үлкен кісілер мен достары мен қарым-қатынаста әдепті болуға тәрбиелеу керек.

Қонақтағы әдептілікке үйрету бұл да рухани тәрбие берудің бір бөлшегі. Қонақта үлкендер мен құрбылыстарына деген сыпайылық, жалпыға бірдей міндетті ережелерді орындау, өз көшесіндегі, тағы басқа да тәртіпке, тазалық пен әдемілікке деген қамқорлық жасауға үйреткен орынды. Ол үшін «Бізге Айша әжей қонаққа келді», «Қазақ халқы қонақжай», «Менің туған күнімде» т.б.тақырыптарда

әңгімелер өткізіп, балалардың қонақта мәдениетті болуын, басқа адамдармен қарым-қатынаста ұнамсыз әңгімелер айтпауға, қонаққа құрмет көрсетуге тәрбиелеп, әдепті болуға дағдыландыруға болады.

Қоғамдық орындарда тәртіп сақтауға дағдыландыру рухани мәдениеттілікке тәрбиелеудің бастауы. Балаға қоғамдық орындарда өзін қалай ұстау керек екендігін және қоғамдық көліктерде үлкен кісілерге орын беру сияқты мәдениеттіліктің алғашқы негіздеріне үйрету қажет. Егер бала кішкентайынан олай жасамаған күнде, балада үлкендерді құрметтемеу немесе сыйламау сезімі қалыптасады.

Мысалы: зообақта, театрда, музейде. «Телефонмен сөйлесу», «Біз театрға барамыз» т.б. әр түрлі видеотүсірілімдер, кейіптендіру ойындарын жүргізу рухани мәдениеттілікке тәрбиелеудің негізі болып табылады.

Рухани мәдениеттілікке тәрбиелеуде алдымен баланы тек жақсылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың да, ата-ананың да болашағы зор болмақ. Рухани мәдениеттілікке тәрбиелеу мына қағидаларды сақтағанда ғана нәтиже беріп тұлғаның модулі қалыптасады:

Балабақшадаға оқу-тәрбие үрдісі балалардың рухани қасиеттерін игеруіне бағытталып жүргізілсе;

Балалар әлеуметтік мәні бар рухани қасиеттерді өз іс-әрекетінде, мінез-құлқы мен тіршілік әрекетінде көрсете алса. Рухани мұралар – әдеби көркем әдебиеттерді ұғына тыңдаса, рухани құндылықтарды бойына дарытқан шығармашыл тұлға қалыптасады[5, б.240].

Жас ұрпақтың бойында адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, оларды бала күнінен соған тәрбиелеу адам шыр етіп жерге түскеннен бастап қолға алынғанда ғана мүмкін болады. Мұны, ең алдымен, шұғыл өзгеріп жатқан тіршілік жағдайларын ескере отырып отбасы, әлеуметтік-мәдени ортасы, мұғалім және тәрбиеші жүзеге асырады. Ол үшін ең алдымен адам баласына тән, өмірге аса қажетті қасиеттер негізгі отбасы мен балабақшадағы үзіліссіз тәрбиеден басталатыны хақ. Баланы жас кезінен неге баулыса, олар өскен соң жемісін солай береді. Тәрбиелі ортада өскен адам қашанда ілтипатқа бөленеді. Олай болса балғындар сусындайтын айдын, нәр алатын бұлағымыз таза болғаны жөн.

Бала тәрбиесіне ең үлкен әсер ететін нәрсе-орта. Әлеуметтік ортаға бейімделу тіршіліктегі таза ізгілікті, адамгершілік қатынастарды жасауға, жеке адамның бойында жақсылықтарға бағытталған жүйе қалыптастыруға байланысты. Бала үлкендердің саналы да мақсатты өмір сүре білуге үйретуінің қажеттілігін өзі түсінетін болса, егер оның белгілі бір дүниетанымдық білімі болса, ол үнемі жаңалыққа ұмтылып отырса, егер ол өзін қоршаған орта мен адамдарды түсінуге қабілетті болса, онда оның әлеуметтік ортаға бейімделуі қалыпты деңгейде жүзеге асатын болады.

Тәрбиенің мақсаты балаларды қиын жағдайда өмір сүруге әлеуметтік ортаға бейімдеу, сондай-ақ әркімнің болашақта рухани, адами, ізгілікті, көркем дамуын жүзеге асыру болып табылады.

Үлкендер тәрбиенің негізіне адамзаттық байлықтың озық үлгілерін ала отырып, балалардың мүддесі үшін олардың осындай байлықтарды сәби күндерінен бастап, отбасында, балабақшасында, қоршаған ортада үйренулеріне көмектесуі керек. Баланың бойындағы әлеуметтік ортаға бейімделудің ерекше психологиялық жағдайын ерте бастан қалыптастыра отырып, үлкендер балалардың қоғам өміріндегі материалдық және рухани саладағы қарама-қайшылықтарға төтеп беруге қабілетті болып өсуін қамтамасыз етуі тиіс.

Мектепке дейінгі жастағы балалар сезімді, бейнелі тәрбиені тез қабылдайды, сондықтан да бұл жастағылардың бойында жаңа дүниетаным қалыптастыруда көркемдік заттардың ықпалы күшті болады. Осындай жағдайда ғана сезімталдық, ізеттілік, қоршаған ортаға ғаламдық өркениеттің бір бөлігі ретіндегі көзқарас қалыптасады.

Ұрпағымыз өнерлі, еңбексүйгіш, үлгілі, абзал азамат болуын қалаған қазақ халқы бұғанасы енді қата бастаған қыз баланы төсек-орнын жинау, ыдыс-аяқ жуу, үй сыпыру, ою, өрнек тігу, кесте, өрмек тоқу; ұл баласын мал бағып, күтуге, шөп шабуға, түрлі бұйымдар жасауға, зергерлікке үйреткен. Ән айтқызып, қобыз бен домбырада күй тартқызуға, өлең-жыр жаттатуға, жаңылтпаш айтқызып, жұмбақ жасыруға, қонақ күтуге, түрлі ұлттық ойындарға баулыған. Бала білуге жаны құмар, көргеніне еліктегіш, түсінбесе, сұрағыш келеді. Сондықтан ата-баба қасиеттерін жалғастыру үшін балаларды рухани мәдениеттілікке тәрбиелеу қажет.

Қорыта келгенде, балалардың рухани мәдениеттілікке тәрбиелеу арқылы толыққанды жетілген адамзат тәрбиелеуге болады. Рухани қасиет пен білім беруде адам дамуының рухани үйлесімділігін түйсінуді қамтамасыз етеді.

Сондықтан келер ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру өзегі ұлттық құндылықтар негізінде рухани мәдениеттілігін қалыптастыруда жатыр деп түсінемін және ол кезек күттірмейтін мәселе. Жас ұрпақты рухани-мәдениеттілікке тәрбиелеу қай елдің, қай кезеңнің болмасын маңызды мәселесі болып келгеніне көз жеткізуге болады. Ендеше, балаларға халқымыздың рухани байлығын, мәдениетін,

дәстүрін, терең таныстырып, ойшылдарымыздың ой-пікірлерін оқу-тәрбие ісінің тірегіне айналдыру, яғни рухани тәрбиенің жаңарған жүйесін жасау-бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбаев Ә. Адам және ашық қоғам. – Алматы: Ғылым, 1998. –172 б.
2. Құлсариева А. Мәдениеттану сөздігі. Алматы, 2001. –196 б.
3. Мулько И.Ф. Социально-нравственное воспитание дошкольников 5-7 лет. –М.: 2004.-96 с.
4. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудың педагогикалық-әдіснамалық негіздері.-Астана.2010. 105 б.
5. Гогоберидзе А. Г., О. В. Солнцева. Дошкольная педагогика. – Питер. 2013. 240 с.

УДК 373.2

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФЛИПЧАРТОВ В ХОДЕ ОРГАНИЗОВАННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАК УСЛОВИЕ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ УСВОЕНИЯ ЗНАНИЙ ДОШКОЛЬНИКОВ

Тобылбаева Диана Дуйсеновна
студент
tobulbaeva.diana@bk.ru
Байжанова Сауле Аскарбековна
канд. пед. н., ассоциированный профессор
Костанайский региональный университет
имени А.Байтурсынова
г.Костанай, Казахстан

Аннотация

Статья знакомит с информационно-коммуникативной технологией – флипчарт. Рассматривается его значение в ходе организованной деятельности дошкольников в детском саду. Целью исследования является изучение эффективности применения флипчарта в ходе организованной деятельности дошкольников.

Ключевые слова: флипчарт, ИКТ, дошкольники, организованная деятельность.

Аңдатпа

Мақала ақпараттық – коммуникативтік технологиямен – флипчартпен таныстырады. Мақалада балабақшадағы мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдасқан қызметі барысындағы флипчарттың мәні қарастырылады. Қазіргі уақытта балабақшадағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қазіргі мектепке дейінгі тәрбиенің өзекті мәселесі болып табылады. Қазіргі таңда ғылыми-техникалық прогресс білім беру процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуына жаңа талаптарды белгілейді. Осыған байланысты, мақаланың мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдасқан қызметі барысында флипчартты қолданудың тиімділігін зерттеу болып табылады.

Түйінді сөздер: флипчарт, ИКТ, мектеп жасына дейінгі бала, ұйымдастырылған қызмет.

Abstract

The article introduces information and communication technology – flipchart. Its significance in the course of organized activities of preschoolers in kindergarten is considered. At the moment, information and communication technologies in kindergarten are an urgent problem of modern preschool education. The current scientific and technological progress dictates new requirements for the content and organization of the educational process. In this regard, the goal is to study the effectiveness of the use of flipchart in the course of organized activities of preschoolers.

Key words: flipchart, ICT, preschool children, organized activities.

В 21 веке в жизни каждого человека преимущественно занимает место цифровые технологии. Можно уверенно заявить, что электронные гаджеты входят в жизнь ребенка с младенчества, и могут оказывать как положительное, так и отрицательное влияние на формирование его психики. По силе воздействия на детскую психику современные информационные технологии несравнимы с другими средствами.

На фоне цифровизации всех областей жизни человечества приоритетное значение имеет использование информационных технологий в сфере образования. Применение традиционных